

Райымбек ауданының 2025-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасын бекіту туралы

Алматы облысы Райымбек аудандық мәслихатының 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 42-226 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 365-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Райымбек аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы облысы Райымбек ауданының 2025-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы м.у.а.

Т. Ақылов